



**БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА
ТАРИХЫ, 3-ТОМ.
ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ
БАСТАУЫ**

Иммануил Кант



Бүкіл өмірін абсолюттік ақиқатқа жетуге арнаған бірден-бір адам – Иммануил Кант: шынында да, оның өмірбаяны туралы осы ұлы ұмтылыстан басқа айтатын нәрсе де аз. Ол 1724 жылы сол кездегі Пруссияның шығыс жағында орналасқан Кенисбергте дүниеге келіп, өмір бойы сол қалада тұрды. 1755–1770 жылдары ол Кенисберг университетінде приват-доцент немесе оқытушылық қызмет атқарып, 1770 жылдан өзі өмірден өткен 1804 жылға дейін логика мен метафизика профессоры лауазымында болды. Ол ешқашан сапарға шыққан емес, ешқашан үйленбеген және мемлекеттік қызметте болмаған, оның өмірінің тарихы – тек идеяларының ғана тарихы.

Кант лютеран ұстанымындағы шаңырақта тәрбиеленді, соңынан, діни салттарды үнемі сақтап отырса да, оның теологиялық көзқарастарында либерализм байқала бастады. Ол күн тәртібін әрқашан қатаң сақтаған, өте дәлдігімен аты шыққан адам еді: таңғы бесте тұрып, кешкі онда ұйқыға жататын, таңғы жетіден сегізге дейін дәріс оқып, сосын мол жайылатын түскі ас дастарқанына дейін жазумен айналысатын. Кенисберг тұрғындары Кантты сырттай бақылай отырып, «оның түстен кейінгі серуенінен соң сағатымызды түзеп алуға болатын» деп әзілдеуші еді. Университет студенті кезінде оған Вольф сабақ берді, бірақ оның бастапқы қызығушылықтары философиядан гөрі ғылымға көбірек жақын болатын, сондықтан Кант приват-доцент ретінде логика мен метафизикадан ғана емес, антропология, география және минералогия сияқты пәндерден де дәріс оқыды. Оның алғашқы кітаптары, әсіресе «Табиғаттың жалпы тарихы және Көк аспан теориясы» (1775) ғылыми тақырыпта жазылды.

1860 жылдан бастап ол философияны ыждағатпен зерттей бастады, алайда содан кейінгі жиырма жылда жарияланған еңбектерін сақтық танытып, көпшілікке ұғынықты, жалпы қабылданған сипатта жазды. 1762 жылы дәстүрлі силлогистика туралы қысқа да едәуір өткір эссе жазып, ол туралы қалыптасқан түсініктің қажетсіз нәзіктігін (эссенің атауындай «Die falsche Sptizndigkeit») сынады. Сол жылы «Құдайдың бар екенін дәлелдеудің жалғыз мүмкін негізі» (The Only Possible Ground for a Demonstration of God's Existence) атты еңбегін жазып, Құдайдың бар екенінің қалыпты үш дәлелін терістеді және Вольф пен Дунс Скоттың ізімен, «егер қандай да бір мүмкін тіршілік иелері бар болса, осы мүмкіндіктің негізін қамтамасыз ететін мінсіз тіршілік иесі де болуы тиіс» деп тұжырымдады.

1763 жылы Берлин Академиясы «қандай метафизикалық ақиқаттар геометрияның ақиқаттары сияқты сенімді түрде дәлелдене алады?» деген сұраққа жауап алу үшін сый тағайындады. Канттың сый алу үшін ұсынған (бірақ сәтсіз болған) жауабы математикалық, философиялық әдістердің арасындағы айырмашылықтарды тізіп көрсетті. Математиктер айқын анықтамалардан бастайды да, тұжырымдама түзеді және оларды әрі қарай дамыта береді; философтар шатасқан ұғымдардан бастайды және анықтамаға жету үшін оларды сараптайды. Ньютонның әдістерін ұстанып, оларды физикалық дүниеге емес, ішкі тәжірибенің құбылыстарына қолдануы тиіс мамандар – математиктер емес, метафизиктер.

Канттың осы бағдарламасы Юмнің өз алдына қойған міндетіне өте ұқсас. Кейінірек Кант Юмге өзі Лейбниц пен Вольфтің философиясын қабылдаған кезде «догмалық ұйқыдан» оятқаны үшін қарызын қайтарғандай болды. Канттың Юмді байыпты зерттеуді қашан бастағаны белгісіз, бірақ 1760 жылдары-ақ оның ғылыми метафизиканың мүмкіндіктеріне деген күмәні күшейетүсті. 1766жылғы«Елессәуегейдіңтүстерінде»олжасырын,қорқыныштыметафизикалық жорамалдарды көреген Эммануил Сведенборгтың эзотерикалық қиялдарымен салыстырды. Басқа пікірлермен қатар, Кант Юмнің ізімен жүре отырып, «себеп-салдарлық қатынастар тек тәжірибенің негізінде ғана белгілі бола алады, онда ешқашан логикалық қажеттілік болмас еді» деп атап көрсетті. Дегенмен оның тереңдетілген профессорлық диссертациясынан («Сезіммен және ақылмен игерілетін дүниенің формалары мен принциптері») Лейбництің мықты ықпалы сезіледі.

Оның профессорлығының алғашқы он бір жылы өзінің аса ерекше жүйесін жасауға кетті, бұл жүйе 1781 жылы «Таза ақылға сын» еңбегінде жарияланды және соған дейінгі жұмыстарын көлеңкеде қалдырып, заманның ұлы философтарының бірі ретінде Кантты әлемге танытты. Бұл еңбектен кейін ол өз идеяларын қысқаша және көпшілікке түсінікті түрде баяндап, «Кез келген болашақ метафизикаға пролегоменасын» жазды, оны 1783 жылы жариялап, 1787 жылы екінші рет басып шығарды.



Канттың сыни философиядағы басты мақсаты – философияны толығымен ғылыми ету еді. Математика ұзақ ғасырлар бойы ғылыми болып келе жатыр, физика да кемелденген дәрежеге жетті. Алайда метафизика – басқа ғылымдар күйретуші жабайылықтың шыңырауында құрдымға кеткен күнде де аман қалатын көне білім саласы – кемелдіктен әлі де болса алыс. Метафизикалық қызығушылық адам табиғатына тән болды: адамдар метафизиканың негізгі үш объектісіне – атап айтсақ, Құдайға, еркіндікке және мәңгілік өмірге қызығушылық танытпай тұра алмады. Бірақ метафизика нағыз ғылымға айнала ала ма?

Байқағанымыздай, Юм мен басқа ойшылдар Ньютонның тән философиясына жасағанын сана философиясына қолдануға тырысты, яғни идеялар ассоциациясын денелер арасындағы гравитациялық тартылысқа ұқсас етуге ұмтылды. Канттың ғылыми метафизика туралы бағдарламасы ғаламат еді. Тек философия ғана жетіспей тұрған ол бағдарлама Күнді өз орнына қою үшін Жерді Ғаламның ортасынан ығыстырған Коперниктің революциясындай төңкеріске мұқтаж еді. Коперник бізге мынаны көрсетіп берді: біздің Күн Жерді айналады деп түсініп жүргеніміз – өз Жеріміздің айналуын көруіміздің нәтижесі. Кант біздің ақыл-ойымызға Коперниктің көру қабілетімізге жасаған әдісін қолданды. Біліміміз оның объектілеріне қалай сәйкес келуі мүмкін екенін сұраудың орнына, объектілер біздің білімімізге сәйкес болуы тиіс деген болжамнан бастауымыз керек. Тек осылай ғана метафизиканың қажетті және әмбебап білімге ие болу туралы талабын түсіндіре аламыз.

Кант білімнің екі тәсілін айырып көрсетеді: априори білім және апостериори білім. Апостериори ақиқат – біз тәжірибе арқылы жететін ақиқат; априори ақиқат – біз тәжірибесіз ақ білетін ақиқат. Біздің барлық біліміміз тәжірибеден басталады деген мәселе бойынша Кант Локкпен келіседі, алайда бәрі тәжірибеден пайда болады деген тұжырымға сенбейді. «Тәжірибе қорытындыларын жинақтау» деуге келмейтін, біз априори білетін, іргелі ақиқат болып есептелетін кейбір нәрселер бар. «Біз априори жасайтын тұжырымдардың кейбірі – аналитикалық, ал кейбірі – синтездік» дейді Кант. «Барлық денелер – созылған» деген секілді аналитикалық пайымдарда біз осыған дейін субъект ұғымында болған нәрсені предикатта нақты көрсетеміз. Алайда синтездік пайымда предикаттың субъект мазмұнына қосары бар: Кант «барлық заттар – ауыр» деген мысал келтіреді. Барлық апостериори пайымдар синтездік, ал барлық аналитикалық пайымдар априори саналады. Синтездік болып есептелетін, бірақ априори саналатын пайымдар болуы мүмкін бе? Канттың ойынша, ондайлар бар. Ол математикадан осындай синтездік априори ақиқаттардың мысалдарын табуға болады дейді. Ең бастысы – априори да, синтездік те болып есептелетін пікірлердің болуы, сонда ғана метафизикадан нағыз ғылым жасауға болады.

Философтың бірінші міндеті – сананың табиғаты мен күшінің шегараларын анықтау. Өзіне дейінгі ортағасырлық және рационалистік философтар сияқты, Кант зерде мен сезімді жіті айырып қарастырады; алайда зердеде ол түсіну (Verstand) мен ақыл-ойдың (Vernunft) арасына жаңа айырмашылық енгізеді. Сезімдермен біріге отырып, түсіну адамға білім береді: сезім арқылы объектілерді қабылдаймыз; түсінудің көмегімен олар ой арқылы өтеді. Тәжірибенің мазмұнын – сезімдер, ал оның құрылымын – түсіну қамтамасыз етеді. Ақыл-ойдың түсінуден ерекшелігі – зерденің түсіну жете алатын шегарадан асып түсуге ұмтылысы. Ол тәжірибеден бөлек қарастырылғанда – «таза ақыл», Кант сынының мақсаты да осы.

Ақыл-ойға кіріспес бұрын Канттың «Сыны» сезімдер мен түсінуді жүйелі түрде зерттейді. Сезімдер – «Трансценденталды эстетика» бөлімінде, ал түсіну – «Трансценденталды логика» бөлімінде талданады. «Трансценденталды» – Канттың сүйікті сөзі; ол бұл сөзді бірнеше мағынада қолданады, бірақ оларға ортақ мағына – шегаралардан және нақты тәжірибеден арылу шегінен шығатын (жақсы немесе жаман жаққа) әлденені бейнелейтін ұғым екені. Трансценденталды эстетиканың басым бөлігі кеңістік пен уақытты зерттеуге арналған. Канттың айтуынша, түйсіктер материя (немесе мазмұн) мен формаға ие. Кеңістік пен уақыт – сананың көмегімен ашылған әлемдер емес: олар – сезімдер қалыптастыратын тәжірибенің үлгісі. Өзінің трансценденталды эстетикасын баяндай отырып, Кант «кеңістік пен уақыт нақты өмір сүре ме?» деген мәңгілік сұрақтың өзіндік жаңа шешімін ұсынады.[3]

Трансценденталды эстетикадан трансценденталды логикаға көшкенде, біз тағы да екі бөлінуге тап боламыз. Логика екі ірі бөлімнен тұрады, оларды Кант «трансценденталды аналитика» және «трансценденталды диалектика» деп атайды. Аналитика түсінуді эмпирикалық



түрде қолданудың критерийлерін айқындайды; ал диалектика ақыл-ой аналитика тағайындаған шегаралардан шығып кетуге талпынғанда пайда болатын иллюзияларды ашады. Өзінің аналитикасында Кант априори ұғымдар жиынтығын баяндап, оларды «категориялар» деп атайды. Сонымен қатар өзі «принциптер» деп атаған априори ұғымдарды да ұсынады. Осыған сәйкес, аналитика тағы да екі бөлімге бөлінеді: олар – «Категориялар дедукциясы» және «Принциптер жүйесі».

Бірінші бөлімде категориялардың дедукциясы, яғни легимитациясы талданған. Категориялар – ерекше іргелі ұғымдар: Кант «себеп» және «субстанция» ұғымдарын мысалға алады. «Бұл категорияларсыз, – дейді ол, – біз үзік-үзік нұсқада берілген, реттелмеген ең қарапайым тәжірибенің өзін ұғынып, түсіне алмас едік». Мұндағы мақсаты – эмпириктің сауалына оның өз ұстанымына сай жауап беру. Эмпириктердің бүкіл біліміміз тәжірибеден басталады деген пікірімен ол келіседі, бірақ осының бәрі тәжірибеден пайда болады дегенді терістейді. Ол Юм бұзғысы келген метафизикалық тұжырымдарсыз оның тәжірибенің негізгі элементтері, әсерлер және идеялар туралы түсініктері өзінен-өзі ыдырап кететінін көрсетуге ұмтылады.

Аналитиканың екінші бөлімі – «Принциптер жүйесінде» тәжірибе туралы бірқатар синтездік априори пайымдар бар. Канттың тұжырымдауынша, тәжірибе көлемнің екі түріне ие болуы тиіс – кең көлемді (екі нүкте арасындағы арақашықтық) және белсенді көлемді (жылылықтың белгілі бір деңгейі). «Одан бөлек біздің түсініктеріміздің арасында қажетті байланыстар болғанда ғана тәжірибе қалыптасуы мүмкін», – дейді Кант. Юмнің: «Біз құбылыстардың арасындағы уақыттық сабақтастықты қабылдаймыз, сосын біреуін себеп ретінде, екіншісін салдар ретінде қарастырамыз», – деген ойы дұрыс емес. Керісінше, біз себеп пен салдар арасындағы өзара байланысты әлі айқындамасақ, онда бұл – объективті уақыттық реттілікті айқындай алмадық деген сөз.

Эмпиризмге қарсы бола тұра, Кант рационализмді де одан кем түспес белсенділікпен сынайды. Сараптауының соңында ол категориялар өздерінің қолданылу деңгейін анықтай алмайды, ал принциптер өз ақиқаттығын айқындауға қабілетсіз деп дәлелдеуге ұмтылады. Түсіну «өздігінен субстанция секілді қандай да бір зат бар» немесе «әрбір өзгерістің себебі бар» дегенді дәлелдей алмайды. Тәжірибе жүзеге асып, априори дәлелдеуге болатынның бәрі белгілі бір шарттарға сай болуы тиіс. Бірақ тәжірибенің жүзеге асатынын алдын ала айқындау мүмкін емес; тәжірибенің жүзеге асу мүмкіндігін оның өзінің нақты пайда болуы ғана көрсетеді.

Сараптау дүниеде қандай да бір категориялар немесе ережелер арқылы бейнелеуге болмайтын қарапайым құбылыстардың, сезімдердің қарапайым объектілерінің жоқ екенін көрсетеді. Алайда біз бұдан тек зерде ғана анықтайтын сезімсіз дүние өмір сүреді деген қорытынды жасай алмаймыз. Таза ақылдың көмегімен зерттеуге болатын экстра-сезімдік объектілер бар деп мойындау – иллюзия әлеміне ену деген сөз, ал Кант өзінің «трансценденталды диалектикасында» осы сиқырлы әлемді зерттейді.

Осыған дейін айтқанымыздай, «трансценденталды» деген ұғым шектен шығатын немесе нақты тәжірибеден арылу шегарасынан асатын бірдеңені білдіреді, ал Кант диалектикасының үш негізгі мақсаты бар: метафизикалық психология, метафизикалық космология және метафизикалық теология. «Таза ақыл, – дейді ол, – жан туралы трансценденталды ілімді, дүние туралы трансценденталды ғылымды және ақырында Құдайды трансценденталды тану идеясын ұсынды». Ол мына үш ұғымды – материалдық емес өлмейтін жанды, ғаламдық тұтастықты және абсолютті қажетті болмысты күйреу сынағынан өткізеді.

Декарт қолданған рационалистік психология «мен ойлаймын» деген пікірден басталып, материалдық емес, мәңгілік, жеке және өлмейтін субстанцияның тіршілік ететінімен аяқталды. Канттың тұжырымынша, дәлелдеудің осы бағыты қателікке толы – ол бұл қателердің төртеуін көрсетіп, оларды «таза ақылдың паралогизмдері» деп атайды. Бұл паралогизмдер кездейсоқ емес: әдетте, эмпирикалық психологияның шегарасынан асудың кез келген талпынысы – адасудың себебі болуы тиіс.

Априори космологияны шешу үшін Кант төрт антиномия құрды. Антиномия – қайшылыққа немесе ойтұжырымдарға (тезис және антитезис) әкелетін, бір-біріне қарама-қарсы дәлелдемелер жұбы. Төрт антиномияның біріншісінің тезисі: «дүниенің уақыттық бастауы бар және ол кеңістікте шектелген», антитезисі: «дүниенің уақыттық бастауы жоқ және кеңістікте еш шектелмеген». Кант осы сөйлемдердің екеуінің де дәлелдемелерін ұсынады. Әрине, бұл «біз



екі қайшылық та дұрыс деп қорыттық» дегенді білдірмейді: мораль мынада – ақыл-ойдың «дүние» туралы жалпы сөз қозғауға құқы жоқ.

Әр антиномияда тезис «белгілі бір кезең толық аяқталды» деп тұжырымдаса, антитеза «ол мәңгілік жалғасады» дейді. Екінші антиномия – бөлінгіштікті, үшіншісі – себеп-салдарлық байланысты, төртіншісі – күтпеген жағдайларды қарастырады. Әр жағдайда Кант белгілі бір кезеңді басқа бірдеңе тудырған нәрселер кезеңі ретінде көрсетеді – мысалы, Канттың терминдерінде әсер оның себебінен «туындайды». Антиномиялардың әрбірінде дәйектің тезисі шексіз абсолютпен аяқталады. Кант әр антиномияның екі жағы да қате деп есептейді: тезис – догматизмнің қателігі, ал антитеза – эмпиризмнің қателігі. Антиномия құрастырудың мәні – эмпирикалық зерттеу саласы мен таза ақыл талаптары арасындағы сәйкессіздікті көрсету. Тезис дүниені ойдан шағын етіп көрсетеді (біз оның шегарасынан асып ойлай аламыз); антитеза оны ойдан үлкен етіп көрсетеді (біз ақырына дейін ойлай алмаймыз). Біз космостық идеяларымызды эмпирикалық зерттеуге бейімдей қысқарта отырып, ой мен дүниеге сай болуымыз керек.

Төртінші антиномиясында Кант қажетті болмыстың өмір сүруін растайтын және терістейтін дәйектер ұсынады, сонан соң «Сынның» кейінгі бөлімдерінде табиғи теология ұстанатын Құдай тұжырымдамасын қарастыруды жалғастырады. Ол Құдайдың бар екенін растайтын дәйектерді үш негізгі типке бөледі және әр типтің дәлелдемелері қалайша қате болып шығатынын көрсетеді. Егер Құдай біздің ойымыз бен өмірімізде бар болса, оның бар екені рационалдық дәлелдермен расталмауы тиіс.

«Таза ақылға сын» – оқу оңайға соқпайтын кітап, оның қиындығының себебі зерттеу пәнінің тереңдігі немесе Канттың ойының ерекшелігі ғана емес. Кант (көзіміз жеткендей) техникалық терминдер жасаумен әуестенді және (осы кітаптың басқа жерінен көрінетіндей) идеяларды барынша қатаң сызбаларға жинақтауға ұмтылды. Бірақ оның қиын мәтіндерін оқуда табандылық танытқан оқырманның мол философиялық олжаға кенелетіні сөзсіз.

Жасы алпыстан асқан шағында Кант өзінің іргелі үш еңбегінде этика мен эстетикаға назар аударды: «Адамгершілік метафизикасының негіздері» (1785); «Тәжірибелік ақылға сын» (1788) және «Пайымдау қабілетіне сын» (1790). Алғашқы екі еңбекте ол, өзінің алғашқы «Сынында» теориялық ақыл-ойдың синтездік априори принциптерін баяндағаны сияқты, тәжірибелік ақыл-ойдың синтездік априори принциптерін сыни тұрғыда талдауға тырысты.

Канттың моральдық теориясының бастапқы нүктесі – жіктеуден тыс, яғни өздігінен ізгілік болып есептелетін ізгі ерік. Талант, мінез және байлық жаман мақсат үшін қолданылуы мүмкін, тіпті бақыттың өзі адамды азғындата алады. Мәселе ізгі еріктің маңызы бар нәрсеге ғана жетуі туралы емес, тіпті оның нәтижелері ойдағыдай болып шықпаса да, жігерленіп, күш салудың өзі-ақ ізгілік. Ерікті ізгі, жақсы ететін – оның парызға негізделуі: парызға сүйеніп әрекет ету дегеніміз – қиындықтардың алдында ізгі ерік таныта алу. Кей адамдар жақсылық жасап рақаттанады немесе ізгілік жасай отырып, пайда табады, алайда мінездің құндылығы адам жақсылықты соған бейім болғанда емес, парыз үшін жасағанда ғана байқалады.

Парызға сүйеніп әрекет ету дегеніміз – адамгершілік заңын құрметтеп, моральдық императивке бағына отырып, әрекет ету. Императивтің екі түрі бар: гипотезалық және категориялық. Гипотезалық императивтің ұстанымы – белгілі бір мақсатқа жету, сол үшін әрекет ету. Ал категориялық императив «қандай мақсатты көздегеніңізге қарамастан, мынадай да мынадай әдіс-жолдар арқылы әрекет етіңіз» дейді. Сонымен қатар гипотезалық императивтер едәуір баршылық, себебі адамдардың алға қойған мақсаттары әртүрлі. Алайда бір ғана категориялық императив бар, ол – «ісің жалпыға ортақ заң болатындай етіп әрекет жаса». Белгілі бір әрекет жасауға бейім болған кезде, мысалы, «ол кейін қайтарылады» деп ойламастан, қарызға ақша берерде, сіз ылғи да өзіңізден «егер бәрі осылай жасаса, не болар еді?» деп сұрауыңыз керек.

Кант категориялық императивті басқаша тұжырымдайды: «Адамзатты немесе басқа бір адамды ешқашан да құрал ретінде емес, мақсат ретінде қарастыра отырып, іс-әрекет жаса». «Адам ретінде, – дейді Кант, – мен – тек мен ғана емеспін, мақсаттар патшалығының, жалпы заңмен біріктірілген ақылды тіршілік иелері одағының мүшесімін. Мақсаттар патшалығында бәріміз – заң шығарушылармыз және субъектілерміз. Рационалды тіршілік етуші «өзі шығарған және әмбебап болып саналатын заңдарға ғана бағынады».



Өзінің үшінші сыны – «Пайымдау қабілетіне сында» Кант сұлулық және асқақтық сияқты эстетикалық ұғымдарды қарастырып, ертеректегі сыни ескертпелерін ғылыми, эстетикалық тұжырымдамаларға қолданды. Эстетикалық талғам туралы пайымдар сезімдерге сүйенеді, десек те олар әмбебаптық пен негізділікке ұмтылады. Бірақ олар әмбебап мақсатқа қатысты деп ойлау – қате. Кант: «Жалпыға ортақ бола алатын нәрсе елестету мен түсінудің арасындағы ішкі жеке қатынастарға көбірек жақын, бұл талғам туралы пікірге тән», – деп тұжырымдайды.

Өзінің сыни философиясы мығым орныққан 1890 жылдары Кант жай философиялық тәуекелшілдіктен жоғары тұрған салаларды зерттеуге бел буды. 1793 жылы ол жартылай теологиялық «Бір ғана ақыл-ой аясындағы дін» (Religion within the Bounds of Reason Alone) еңбегін жариялады. Бұл кітапта бірнеше христиандық ілімді қайта қарастыру ұсынылды, ал 1795 жылы, француз революциялық соғыстарының қайнаған кезінде, ол «Мәңгілік бейбітшілік туралы» (On Perpetual Peace) кітапша жазды. Осы еңбектің бірінші бөлімі Пруссияның жаңа королі II Фридрихтің намысына тиіп, ренжітті. Ол Канттың бұл еңбегін Киелі кітаптың беделіне еш негізсіз нұқсан келтіреді деп есептеді. Кант өз көзқарасын өзгертуден бас тартты, бірақ ендігі жерде діни тақырыптарға жазбауға және дәріс оқымауға келісті. Король қайтыс болған соң теология мен философия арасындағы өзара қатынастар туралы «Факультеттер жанжалы» еңбегін жазған 1798 жылға дейін осы уәдесінде тұрды. 1797 жылы ол «Адамгершілік метафизикасындағы» өзінің моральдық жүйесін күшейтті. Жүйе енді екі бөлікке бөлінді: біріншісі – жеке абыройға, екіншісі – құқықтық теорияға байланысты. Ол бұдан ертерек жазылған «Іргелі еңбегімен» (Groundwork) салыстырғанда маңыздылау, алайда ықпалы аздау трактат еді.

Кант 1804 жылы қайтыс болды. Оның құлпытасына «Тәжірибелік ақылға сынның» қорытындысынан алынған ой-тұжырым жазылды: «Жанымызды екі нәрсе сүйсіндіріп, таңдандырады: төбемдегі жұлдызды аспан және ішімдегі адамгершілік заңы, біз оларға бұрынғыдан да жиі және табандылықпен жүгінеміз».